**«Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі**

**"SaidKhan" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Саид» балабақшасы мемлекеттік қайта аттестаттау нәтижелерінің**

# ҚОРЫТЫНДЫСЫ

**6.05-10.05. 2024 жыл**

**Мемлекеттік қайта аттестаттау нәтижелері туралы қорытынды**

"SaidKhan" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Саид» балабақшасы

*(білім / беру ұйымының атауы)*

Ақтөбе қ. Кобландина 10 — «10» 05 2024ж 17 сағат 20 мин

(қорытындыны жасау орны)

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (*бұдан әрі – Заң*), «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығын (*бұдан әрі-Бағалау өлшемшарттары*) басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті (*бұдан әрі – Департамент*) 2024 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде "SaidKhan" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне «Саид» балабақшасы 2024 жылдың 6 - 10 мамыр аралығында мемлекеттік қайта аттестаттау жүргізілді.

Мемлекеттік аттестаттау Департаменттің 2024 жылғы 6 мамырдағы №256 бұйрығымен бекітілген аттестаттау комиссиясымен келесі құрамда өткізілді:

1. Каратаев Елемес Бисенгалиевич – Білім беру қызметін лицензиялау бөлімінің бас маманы, комиссия төрағасы
2. Нағыметова Гүлмира Әлібекқызы- «Ақтөбе қаласының, №4 «Көктем» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының меңгерушісі, комиссия мүшесі
3. Баймұханова Қызғалдақ Ермұхамбетқызы - «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің №38 «Әлем» бөбекжай-балабақшасының әдіскері, комиссия мүшесі

Комиссия мемлекеттік аттестаттаудың бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымы ұсынған өзін-өзі бағалау материалдарын (*өзін-өзі бағалау анықтамасы мен өзін-өзі бағалау бойынша құжаттарының көшірмелері*) пайдаланып білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізді.

Өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп және оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия ЖШС «Saidkhan» «Саид» балабақшасы» қызметінің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді.

| 1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет | |
|---|---|
| 1) | **«Saidkhan» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «Саид» балабақшасы»** |
| 2) | **білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы)**<br>Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы,Тәңірберген ауылдық округі, Кенсахара ауылы, Болашақ көшесі, 18 ғимарат. |
| 3) | **заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт)**<br>тел: 8 -71331-21-6-69 директор; 8 -71331-21-9-63 – бухгалтер; e-mail: martuck.too@mail.kz |
| 4) | **заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)**: құрылтайшы Жақсылықов Нұрлыбек Аманжолович 05.04.2021 жылы №1 бұйрығымен тағайындалған **(басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)** |
| 5) | **құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің және Жарғының көшірмесі қоса беріледі)**<br>«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік |

| | |
|---|---|
| | қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалының Мәртөк аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімі Заңды тұлғаны мелекеттік қайта тіркеу туралы анықтама. Берілген күні: 03.01.2019 ж. Алғашқы тіркелген күні 03.01.2019 жылы БСН 181240017514. «SaidKhan» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Саид» балабақшасының Жарғысы ұсынылмаған. |
| 6) | <u>**рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон)**</u> Мектепке дейінгі ұйым қызметінің тәртібіне сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы 2019 жылы 3 қаңтарда KZ19RVK00018478 хабарлама берілген. |
| **9. Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:** | |
| 9.1 | **оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымда құрылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген** *(нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген)* **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен** *(нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген)* **бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – ҮОЖ) талаптарына сәйкестігі**<br>**Талдау нәтижелері**: Қайта зерделеу барысында «SaidKhan» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Саид» балабақшасының 2023-2024 оқу жылдары бойынша бекітілген оқу жұмыс жоспарының көшірмесі зерделеуге ұсынылған.<br>2023-2024 оқу жылына арнап құрылған оқу жұмыс жоспары үш жас ерекшелігіне арналған, 3 топқа (1-кіші, 1-ортаңғы, 1-ересек) арнап құрылған. Оқу жұмыс жоспары Ақтөбе облысының білім басқармасы Мәртөк ауданының білім бөлімінің басшысы Н.Ашимовпен келісілген, «Saidkhan» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «Саид» балабақшасының меңгерушісі А.Ш Ергалиеваның қолымен бекітілген. 2023-2024 оқу жылына арнап құрылған үлгілік оқу жұмыс жоспарына сәйкес жасақталғаны анықталып, кемшіліктер жойылған.<br>Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 ж. №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.12.2012 ж. №557 бұйрығының 2-қосымшасы «Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары»*( жаңа редакцияда ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022 № 394* /алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) негізінде кіші және ересек топтың тәрбиеленушілеріне арналған оқу жұмыс жоспары сәйкес келеді. |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1- қосымшасының 2 –тарауының 4- тармағының 3- тармақшасының талаптарына сәйкес келеді. |
| 9.2 | **білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген** *(нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген)* **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына** *(вариативті, жеке, бейімделген, қосымша)* **сәйкес іске асыру.** |

9.2 ***Жойылу барысы:*** Балабақшаның қайта аттестаттауға ұсынған материалдарын зерделеу нәтижесінде ұсыныс ескеріліп, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жұмыс жоспары үлгілік оқу жоспарының құрылымына сай рәсімделген. Аталған өлшемшарттар негізінде ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында 2023-2024 оқу жылдарына ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесінің көшірмелері ұсынылған. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығын (бұдан әрі-Бұйрық) басшылыққа алып құрылған. Сонымен қатар ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесінің көшірмелері ұсынылған, кестеде барлық ҰОҚ атаулары, апталық сағат сандары оқу жұмыс жоспарына сәйкес келеді. Үлгілік оқу бағдарламасындағы міндеттер толық сақталғаны анықталып кемшіліктері жойылған.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1- қосымшасының 2 – тарауы 4- тармағының 4) тармақшасының талаптарына сәйкес келеді.

9.3 **Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сақтау;**

**Талдау нәтижесі:**

**Кадрлық құрамға талдау**

«SaidKhan» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Саид» балабақшасы ұсынған материалдар бойынша бағаланатын кезеңге кадрлық құрамы талданды: 2023-2024 оқу жылында 3 топ (кіші-1, ортаңғы-1, ересек топ-1топ) жұмыс жасаған және штаттық кестесі басшысының қолымен, мекеме мөрімен ұсынылған.

2023-2024 оқу жылы бойынша бағалау өлшемшарттарының 2-қосымшасы ұсынылған.

Педагогтардың білімі туралы мәлімет





**ҚОРЫТЫНДЫ:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген « Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» **1-тарауының 9-тармағының** (*білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы талаптарына сәйкес бес бағытты дамытуға арналған оқу және ойын материалдары жеткіліксіз, толықтыруды қажет етеді және топ бөлмелерін жиһаздармен қамту мәліметтері ұсынылмаған*), **1-тарауының 24-тармағының** (*Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптарының педагогтері өз қызметіне тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби*

| | |
|---|---|
| | *шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруі, оның ішінде кемінде бес жылда бір рет біліктілік санатын деңгейін арттыруды қажет етеді)* талаптарына сәйкес келеді. |

**Мемлекеттік аттестаттау нәтижесі:**

**ҚОРЫТЫНДЫ:**

«SaidKhan» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Саид» балабақшасының білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына **СӘЙКЕС КЕЛЕДІ.**

**Мемлекеттік қайта аттестаттау нәтижесі:**

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келуіне байланысты аттестаттау комиссиясының 2024 жылғы 10 мамырдағы №55 хаттамалық шешіміне сәйкес мемлекеттік қайта аттестаттауды қорытындысы негізінде «SaidKhan» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Саид» балабақшасы **«АТТЕСТАТТАЛДЫ»**

**Комиссия төрағасы** Каратаев Елемес Бисенгалиевич
*(қолы) (аты-жөні, бар болған жағдайда)*

**Комиссия мүшелері** Нағыметова Гүлмира Әлібекқызы
*( қолы ) (аты-жөні, бар болған жағдайда)*

Баймұханова Қызғалдақ Ермұханбетқызы
*( қолы) (аты-жөні, бар болған жағдайда)*